

кеңістіктегі орнына және уақыттың айырмашылыққа қарамастан интернет арқылы қарым-қатынас жасалады; оқу материалы сипаттаудағы, әсіресе динамикадағы құрылыстарды моделдеудегі көрнекіліктің жоғарылайды; ақпараттық технологиялардың дамып келе жатқан барлық интерактивті мүмкіндіктері қолданылады.

Әдебиеттер:

1. Бочкин А.И. Методика преподавания информатики. -Минск: Вышэйшая школа, 1998.
2. Малев В.В. Общая методика преподавания информатики. – Воронеж: ВГПУ, 2005. – 271 с
3. Лапчик М.П. и др. Методика преподавания информатики. – М.: Академия, 2001. – 624 с.
4. <http://www.ispring.ru/products.html>

## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бектурганова А.О., оқытушы; Омарова А.О., оқытушы; Эм Т.В., оқытушы  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада жаңа заман білім беру жағдайында кәсіби білікті маман даярлау мақсатында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану мәселелесі қарастырылған; оқу процесі кезінде ақпараттық технологиялардың пайдалану тәсілдері мен ерекшеліктері сипатталған.

*Кілтті сөздер:* ақпараттандыру, ақпараттық технологиялар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оқу процесі, дағдылар, құзыреттіліктер.

Қоғам дамуының қазіргі заман кезеңі белсенді ақпараттандыру процесімен сипатталады. Адам іс-әрекетінің барлық салаларында ақпараттық технологиялардың рөлі біртіндеп өсті, адамдардың ақпарат пен оны өңдеу, сақтау және пайдалану құралдарында қажеттілігі ұлғаюда. Ақпаратты қажет ету құбылысының өріс алуы дәстүрлі ақпарат тасымалдаушылармен қатар қолданылатын электрондық ақпарат және коммуникациялық технологиялардың пайда болуына әкеліп соқтырады [1, 3].

Қоғамның ақпараттануы – глобалды әлеуметтік процесс; оның ерекшелігі сонда, қоғамдық өндіріс саласында іс-әрекеттің басыңқы түрі болып микропроцессорлық және есептеу техникасының қазіргі заман құралдары негізінде, және ақпаратты алмастырудың әр түрлі тәсілдері базасында жүзеге асырылатын ақпаратты жинақтау, өндіру, өңдеу, сақтау, тасымалдау және пайдалану табылады.

Қазіргі заман қоғамының ақпараттандыру үдерісінің басым бағыттарының бірі болып білім беруді ақпараттандыру, яғни білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологиялардың құралдарын ендіру, табылады. Бұл төмендегі нәтижелерге әкеледі:

- ғылыми-педагогикалық ақпараттың автоматтандырылған қорларын, ақпараттық-әдістемелік материалдарды, коммуникациялық жүйелерді пайдалану негізінде білім беру жүйесін басқару тетіктерін жетілдіру;

- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі заман жағдайларында білім алушының тұлға дамуының міндеттеріне сәйкес келетін оқыту мазмұнының, білім берудің ұйымдастыру формаларының және әдістердің әдіснамасы мен стратегияларын жетілдіру;

- білім алушының интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамытуға, білімдерді жинақтау, ақпараттық-оқыту, тәжірибелік-зерттеу іс-әрекетін, ақпаратты өңдеу бойынша жеке іс-әрекетінің әр түрлі тәсілдерін жүзеге асыру бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған оқытудың әдістемелік жүйелерін құрастыру;

- компьютерлік тестілеу, диагностика, бақылау және бағалау жүйелерін құрастыру және пайдалану.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінің саясатында айтарлықтай өзгерістер орын алуда, бұл тұлғаға бағытталған педагогика ұстанымына ауысумен байланысты. Міндеттердің бірі болып білім беру процесінің барлық қатысушыларының мүмкіндіктерін ашу, оларға шығармашылық қабілеттіліктерін таныту мүмкіндіктерін ұсыну табылады. Жоғары мектеп алдына мақсат етіп екі немесе одан көп тілдерді меңгерген, қазіргі заманғы ақпараттандырылған қоғам жағдайында кәсіптік құзыреттіліктердің қажетті деңгейін меңгерген кәсіби білікті маманды даярлауды қойды. Аталғанның барлығы кәсіби білікті, шығармашылық және инновация тұрғысынан ойлай білетін маманды даярлау барысында қазіргі заман инновациялық-білім беру құралдарын пайдалануды қажет етеді.

Оқытылатын тіл елінде болып көрмей, шетел тілінде тілдік қарым-қатынас құзыреттіліктерін меңгеру өте қиын. Сондықтан оқытушы сабақ үстінде жұмыс істеудің түрлі әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, шынайы және ойдан құралған тілдесім жағдайларын ұйымдастыруы тиіс.

Мұндағы алдына қоятын мақсат – студенттің шетел тілдерін оқыту барысында танымдық іс-әрекетін жандандыру. Ынтымақтастықта оқыту, жаңа ақпараттық технологиялар мен Интернет көздерін қолдану арқылы жоба әдісі секілді жаңа әдістемелер білім берудегі тұлғаға бағытталған ұстанымды жүзеге асыруда септіктерін тигізеді, студенттердің қабілеттіліктерін, алған білімдерінің деңгейін, дағдыларын, қызығушылықтарын ескере отырып, оқытудың жекешеленуін және дифференциациялауын қамтамасыз етеді [1, 115 б.].

Әлемдік ақпарат кеңістігінде неғұрлым сәтті бағытталу мақсатында, студенттер ақпараттық мәдениетті меңгеруі қажет, сонымен қатар компьютерлік-экрандық мәдениетті де меңгерген абзал, себебі күннен күнге ақпаратты іздестіруде басымдылық интернетке беріледі.

Компьютерлік құралдардың және телекоммуникация желілерінің дамуымен байланысқан жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы білім беру жүйесін дамыту мен жетілдіру негізі ретінде сапалы жаңа ақпараттық-білім беру ортасын құрастыруға мүмкіндік берді. [2, 28-30 б.].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқытудың, бақылау мен оқыту процесін басқарудың қуатты құралы болып табылады, себебі ол – қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жүйесінің ең маңызды көрсеткіші болып табылады. Интернет-көздері – басқа елдер мен халықтардың мәдениетімен таныс болу, қатынасу, ақпарат алу секілді іс-әрекеттердің үйреншікті және ыңғайлы құралы, білім беру процесінің сарқылмас қайнар көзі. Дәл сол себептен жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы шетел тілін оқыту әдістерін реформалаудың жүйелік тәсілі негізінде дамытушылық оқыту жүйесімен тығыз байланыста қарастырылатын ақпараттық-оқыту тұжырымдамасы жатыр.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану ақпаратты іздестіру және тасымалдау процесін едәуір жылдамдатуға, ойлау іс-әрекетінің сипатын өзгертуге, адам еңбегін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізі болып, компьютерлік құралдар негізінде құралған және ақпаратты сақтау, өңдеу және қашықтыққа тасымалдауды қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық және ақпараттық көздер ретінде қабылданатын, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер табылады. [3, 33-36 б.].

Ақпараттық жүйе ретінде Интернет өз пайдаланушыларына ақпарат пен ақпарат көздерінің көптүрлілігін ұсынады. Негізгі жиынтықтың ішіне төмендегілер кіруі мүмкін:

- электрондық пошта (e-mail);
- телеконференциялар (usenet);
- видеоконференциялар;
- өзінің ақпаратын жарыққа шығару;
- өз үй парақшасын (homepage) құрастыру және оны Web-серверге тіркеу;
- ақпарат көздеріне рұқсат;
- анықтамалық каталогтар (Yahoo!, LookSmart,);
- ақпаратты іздеу жүйелері (Alta Vista, HotBob, Open Text, WebCrawler);
- желіде тілдесім (Chat).

Аталған мүмкіндіктер ағылшын тілі сабағында белсенді түрде қолданыла алады. Тілдесім практикасы болмай, тілдесім және мәдениетаралық құзыреттіліктерді меңгеру мүмкін емес, Интернет көздерін шетел тілі сабақтарында пайдалану осы жағдайда мүмкін емес: Интернеттің виртуалды ортасы уақыт және кеңістік шеңберінен тыс шығуға мүмкіндік береді, оның пайдаланушыларына шынайы сұхбаттасушылармен екі жақ үшін де өзекті тақырыптар бойынша түпнұсқалық тілдесім орнатуға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, шетел тілдерін үйрену студенттерге Интернет желісінде өтетін сұрақ-жауап сайыстарына, байқауларға, олимпиадаларға қатысуға, басқа елдерде тұрып жатқан құрдастарымен қатынасуға, видеоконференцияларға қатысуға, т.б. мүмкіндік береді. Білім алушылар оларды толғандыратын мәселеге байланысты кез келген ақпаратты таба алады, ол: лингво-елтанушылық материал, танымал адамдардың өмірінен жаңалықтар, газет пен журналдардан алынған мақалалар, қажетті әдебиет, және т.б.

Алайда, Интернет тек білім берудің көмекші қосымша техникалық құралы екендігін есте сақтаған жөн. Тиімді нәтижелерге жету үшін оны оқыту үдерісіне сауатты түрде енгізу қажет.

Интернет ресурстарын пайдалану тәсілі ретінде сабақтарға қатысты материалдар іздестіру болып табылады. Интернетте табылған материалдарды пайдаланудан басқа, тікелей Интернет желісінде құрастырылған сабақтарды өткізуге болады.

Интернет көмегімен шетел тілін тікелей оқыту келесі түбегейлі ережелерге сай келуі тиіс: әр білім алушының жеке бас практикасы, интерактивтілік тәсілі көмегімен оқытушының басқаруы, тиімді кері байланыс, сабақтардың ұжымдылығы, жеке жұмыс түрлерінің әр алуандығы. Оған қоса, келесі басты әдістемелік принциптерді жүзеге асыру өте маңызды: коммуникативтілік, саналылық,

білім алушылардың ана тілін тірек ету, көрнекілік, жағымды эмоционалдық айнала. Оқыту мақсатында Интернеттің белгілі бір сайты пайдалану мақсатында, ол сайт жоғарыда аталған талаптарға сай болуы тиіс.

Көп сайттарда құрастырушыларымен кері байланыс мүмкіндігі қарастырылған. Интернеттің көмегімен білім беру барысында студенттер бойында нақты мәселе бойынша ақпаратты іздестіруді жүзеге асыру, оларды оқу, аудару және баға беру, конспектілеу, электрондық пошта арқылы жіберу үшін хат жазу, түрлі көзқарас пен пікірлер тарапынан ойды жеткізу көмегімен баяндама немесе мақала жазу дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасады. Интернет көмегімен шетел тілінде оқуға тиімді оқытуды ғана емес, сонымен қатар білім берудің коммуникативтілігін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кейде қағаз түріндегі оқулықтардың көмегі жеткіліксіз. Одан басқа қағаз оқулыққа қарағанда мәтіндер мен тапсырмаларды жылдам түзету мен өзгертуге жақсы мүмкіндік туады.

Шетел тілдерін оқытуда төмендегі ақпараттық технологиялардың элементтері аса кең таралған: интерактивті тақталар; компьютер мен мультимедиялық проектор көмегімен көрсетілетін электрондық оқулықтар және оқу құралдары; суреттер мен суреттемелер сақталған DVD және CD дискілер; видео және аудиотехника; интерактивті конференциялар мен байқаулар; алыстан оқыту материалдары; ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобалары; алыстан оқыту.

Шетел тілін оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану студенттерге кәсіби біліктілікті дамыту мақсатында кең ауқымды жаңа ақпарат көлеміне рұқсат береді. Компьютерлік құралдарды, Интернет желісінің ақпарат көздері ақпараттық құзыреттіліктердің жоғары деңгейін дамытуға, техникалық ғылымдарға жаңа көзқарасты, шетел тілінде кәсіби ойлауды қалыптастыруға, пәндерді оқуға деген қызығушылықты арттыруға септігін тигізеді.

Жаңа заман күнделікті өмірде және кәсіби салада шетел тілдерін практикалық меңгеруге анағұрлым жоғары талаптар қояды. Ақпарат көлемі өсуде, оны тасымалдау, сақтау және өңдеудің қарапайым тәсілдері тиімсіз болып есептеледі. Ақпараттық технологияларды пайдалану оқыту құралы ретінде компьютердің үлкен мүмкіндіктерін аша түседі.

Компьютерлер ағылшын тілін оқытуда білім алушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыру және оқытуды индивидуализациялау бойынша оқытушылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді, оқыту процесін білім алушылардың жеке қабілеттіліктеріне сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Әр студент өз ырғағына қарай жұмыс істеуге мүмкіндік алады, яғни материалды меңгеруге қажетті көлемін және жылдамдығын таңдай алады.

Ағылшын тілі сабақтарында компьютерлерді пайдалану оқу процесінің қарқындылығын арттырады. Компьютерлік оқыту барысында, дәстүрлік білім беру жүйесі жағдайымен салыстырғанда, анағұрлым көп материал меңгеріледі. Оған қоса, компьютерді қолдану арқылы алынған материал терең меңгеріледі.

Компьютердің тағы бір артықшылығы – оқу процесі кезінде статистикалық ақпаратты жинақтау мүмкіндігі. Статистикалық деректерді өңдей отырып (қателер саны, дұрыс/қате жауаптар саны, көмек сұрай саны, әр тапсырманы орындауға кеткен уақыт, және т.б.), оқытушы студенттердің білімдерінің қалыптасу дәрежесі мен сапасына баға бере алады.

Компьютер «жауап беруден қорқу» сияқты кері психологиялық фактордан босататынын айтып кеткен жөн. Дәстүрлі сабақтар кезінде түрлі факторлар (айтылудағы қателер, қате жасаудан қорқу, дауыстап пікірін білдіре алмау, т.б.) көп студенттердің шынайы білімдерін көрсету мүмкіндігінен айырады. Ал компьютер экранымен «көзбе-көз» қалған кезде студент әдетте қысылмай, білімдерін анағұрлым жан-жақты танытуға тырысады.

Ағылшын тілі сабағында студенттердің жеке жұмысын ұйымдастыруда да компьютерлердің көмегі зор. Студенттер компьютерді жеке тақырыптарды оқып түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар өз білімдерін тексеруге де пайдалана алады.

Компьютердің өзі, дұрыс жауап алмайынша, кез келген тапсырмаларды бірнеше рет қайталай алатын, ақыр соңында тиісті білімді бекітетін ең шыдамды педагог.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану студенттердің бойында қорытынды нәтижеге бағыттала отырып, білім алу іс-әрекетін өз бетімен жоспарлау және ұйымдастыру, бағалау және түзету секілді дағдыларды қалыптастырады. Студенттер шешімдерді қабылдауға, саналы түрде таңдау жасап, оған жауапты болуға үйренеді; оларда ақпараттық кеңістікте жұмыс жасау, ақпаратты өз бетімен іздеп, таңдау және талдау дағдылары мен қабілеттіліктері, қажетті тілдік және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктері қалыптасады.

Шетел тілдерін оқытуды жанды шығармашылық процеске айналдыратын жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың зор педагогикалық әлеуеті бар. Алайда, оқу процесіндегі компьютер – механикалық ұстаз емес, оқытушының орынбасары немесе көшірмесі емес, ол студенттерге білім

берудегі оқытушының оқыту іс-әрекетін күшейтетін және кеңейтетін құрал. Осылайша компьютер өз алдына оқытушыға, ешбір компьютер жүзеге асыра алмайтын, шығармашылық іс-әрекетті орындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Сысоев, П.В. Информатизация языкового образования: основные направления и перспективы [Текст] /П.В. Сысоев// Ин. языки в школе. – 2012. - №2.
2. Якиманская И.С. Личностно ориентированное обучение в современной школе. – М.: Сентябрь, 1996.
3. Алексеева, Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента/ Л. Н. Алексеева// Учитель. - 2004. - № 3.
4. Бычков, А. В. Инновационная культура/ А. В. Бычков// Профильная школа. - 2005. - № 6.
5. Артамонова Л.А., Архипова М.В., Ганюшкина Е.В., Делягина Л.К., Золотова М.В., Мартынова Т.В. Инновации в обучении английскому языку студентов неязыковых вузов // Инновации в образовании Вестник Нижегородского университета им. Н.И.Лобачевского. – 2012.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Белгібаева Г.Қ., п.ғ.к., доцент; Михалькова О.А., п.ғ.к., доцент;  
Айтжанова Р.М., п.ғ.к., доцент; Бейсенбекова Г.Б., п.ғ.к., доцент  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Республикасы Қазақстан

Бұл мақалада бейнелеу өнерінің түрлері және оның халықтық педагогикамен сабақтастығы қарастырылып және де халықтық сәндік-қолданбалы өнердің тәлім-тәрбиелік мәні дәріптеледі.

*Кілтті сөздер:* сыршырай, кескіндеме-сурет, мүсін монументті өнер, сәндік-қолданбалы өнер

Адамның рухани дамуына тікелей әсер ететін, оның көркемдік туралы талғамын, өмір шындығына деген эстетикалық қатынасын қалыптастыратын өнер түрлерінің бірі-бейнелеу өнері. Өйткені ол-айналамыздағы қоршаған өмір шындығын, қоғам, адам өмірінде өтіп жататын оқиғалар мен құбылыстардың бар болмысын жазықтық бетінде немесе кеңістікте көркем бейнелер арқылы көрнекті кескіндеп, баланың көруі арқылы түйсіне, сезіне алатын өнер.

Бейнелеу өнерінің өзіне тән ерекшелігі мен мазмұндық мәні – суретші мен көрермен арасында қатынас орнататын «сенімдік» көркем бейнелі тілі. Кез-келген туындыдағы көркем бейнелер «үнсіз», «қимылсыз» болғанымен, көрерменнің ойы мен түйсіну сезіміне әсер етеді, шығарма мазмұнынан қажетті қорытынды жасауына ықпалын тигізеді [1]. Бейнелеу өнері тындыларының адам сезіміне, түйсігіне эмоциялық әсер ету дәрежесі оның жалпы танымдық, тәрбиелік мәнділігіне, шығармадағы ойдың мән-мазмұнының тереңдігіне, суретшінің бейнелеу мәнерлік құралдарын ұтымды, әсемдік заңдылықтарына сай, үйлесімді қолдана білуіне тікелей байланысты.

Бейнелеу өнерінің түрлеріне: *сыршырай, кескіндеме-сурет, мүсін монументті өнер, сәндік-қолданбалы өнер* жатады. Әрбір өнер түрінің өзіне тән мәнерлік және бейнелеу құралдары, жеке дара ерекшеліктері болғанымен «Бейнелеу өнері», - деген атауға біріктіретін ортақ белгі сол нақтылы бейнелеу арқылы қоршаған өмір шындығының көркемдік бейнесінің жасалуы.

*Сыршырай* - бейнелеу өнерінің ең көп тараған, неғұрлым бай әрі толысқан түрі. Сыршырай өнерінің басты бейнелеу құралы - бояулары мен олардың реңктерінің үйлесімділігі. Бояу түстерінің суретпен тығыз байланысын нәтижесінде сыршырай өнері қоршаған өмірдің бай болмысының мәнін айшықтап көрсете білуге мүмкіндік береді. Дегенмен, ол бояу түстері мен реңктерінің жарасымдылығы бейнеленетін мысалдардың пішіндеріне, пропорциялық үйлесімділігіне, жарық пен көлеңкенің зат формасын айқындауына да байланысты.

Картиналық жазықтықта, автор өз ойын көрерменге толық жеткізу үшін алған нысандарын шығарма мазмұнына орай композициялық үйлесімде орналастыра білуі, жазықтық бетінде перспектива заңдылықтарына сүйене отырып, көру тереңдігін дәлелді бейнелеу білуі-бейнелеу өнерінің көркемдік мәнерлі құралдары болып табылады.

Сыршырай өнерінің кез келген жанрының шығармалары, міне, осы айтылған мәнерлік құралдарды әр жанрдың өзіндік мазмұн ерекшеліктеріне қарай ұтымды пайдалануды талап етеді. Сыршырай өнерінің негізгі жанрлары мыналар: табиғат көріністерінің бейнесі; натюрморт (табиғи, тұрмыс заттарының белгілі - бір мазмұнға қарай үйлесімді жиынтығын бейнелеу); портрет (белгілі